


Р.Ж. Оразалин

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ҚАҒИДАСЫ

Елдің бәсекелік артықшылықтарына әсер ететін факторлар маңызды орынға ие болып табылады. М. Портер теориясында бұл факторлар бәсекелік артықшылықтар детерминанттарының сызбасы ретінде берілген (1-сурет). Бәсекелік артықшылықтар детерминанттарының құрамына келесілер кіреді:

- өндіріс факторларының параметрлері;
- тауарлар мен қызметтерге сұраныстың параметрлері;
- елдегі фирмалардың стратегиясы, олардың құрылымы мен бәсекесі;
- біртектес және қолдаушы салалардың сипаты. /1/

Сонымен қатар бұл жүйеге «кездейсоқ оқиғалар - жағдайлар» мен «үкіметтің әрекеті» кіреді, олар елдің бәсекелік артықшылықтарын күшейтуі де, әлсіретуі де мүмкін.



1-сурет. Ұлттық экономикалық дамуының әлеуметтік-экономикалық концепциясын есепке алғандағы бәсекелік артықшылық детерминанттарының жалпы жүйесі. /1/

Факторлар параметрлері. Өндіріс факторлары – жекелеген экономикалық агенттердің өндірістік процесінде бәсекелік артықшылықты қалыптастыруға қажет материалдық (заттай) және материалдық емес (институттар) шарттар.

Ұлттық экономиканың белгілі бір саласында қызмет ететін фирма нақты фактор мәніне (параметрлерге) байланысты бәсекелік артықшылықты құруға және оны ұстап тұруға қажет қолайлы не болмаса тиімсіз өндіріс шартына жолығуы мүмкін. Бұл факторлар жалпы және арнайы болып бөлінеді, яғни барлық фирмаларға немесе жекелеген нақты бір фирмаларға қатысты факторлар болады.

Фирма стратегиясы, оның құрылымы мен бәсеке. Әрбір фирма бәсекелік артықшылықтан көбірек пайда табуы және ең жақсы позицияны жаулап алу үшін өзінің жеке бәсекелік стратегиясын ұстанады. Бұл дегеніміз бәсекелес фирмалардың акциялары мен контрактациялары фирманың қызмет етуінің жаңа шарттары мен жағдайларын құруға алып келеді.

Егер елде бәсеке болмаса немесе бәсекелік орта әлсіз жетілген болса, фирмалар арасында бақталастық болмаса, егер фирмалардың стратегиялары бәсеке жағдайындағы қызметке икемделмеген болса, ішкі, сыртқы нарықтарда бәсекелік артықшылықтың пайда болуына сенуге болмайды.

Сұраныс параметрлері. Оған, ең алдымен, сатып алушылардың тауар, қызмет сапасына талап қойғыштығы, сұраныстың бағалық икемділігі, табыстық сұраныс икемділігі, әлеуметтік топтардың қажеттіліктің өзектілігін зерделеу деңгейі, ұлттық салт-дәстүр, сұраныстың өмірлік циклінің фазалары мен сұраным көлемін, оның динамикасын көрсететін көрсеткіштер жатады.

Біреткес және қолдаушы салалар. Ұлттық экономикада біреткес және қолдаушы салалардың болуы, яғни фирмаларды қажетті материалдармен, жартылай фабрикаттармен, жиынтықтаушы бұйыммен және басқа да материалды жабдықпен, ақпараттық объектілермен жабдықтаушы салалардың болуы, елдегі әр фирманың бәсекелік артықшылығын жасап, оны ұстап отырудың бірден-бір шарты болып табылады.

Тектес салалар өздері нарыққа субститут-тауарлар, жаңа материалдар, технологиялар шығаратын бәсекелес орнына болуы мүмкін. Олар жаңалық енгізуші немесе инновациялық имитатор болуы мүмкін. Сондықтан оларды жеке фирмаларды немесе қызмет көрсетуші саласында ғылыми-техникалық прогресті ынталандырушы (стимуляторы) ретінде қарастыруға болады.

Жағдай ролі. Ел экономикасының дамуымен қатысы шамалы және фирма да, үкімет те әсер ете алмайтын оқиғалар кездейсоқ болып табылады. Бұл – өнертапқыштық, ірі технологиялық жарып-өтпе жобалар, халықаралық нарықтардағы бағалардың күрт өзгеруі. Көбінесе форс-мажорлы жағдайлар үлкен әсер тигізеді: табиғи апат, соғыс, эпидемия. Сонмен қатар ескеретін бір жайт, кейбір «кездейсоқтықтар» белгілі бір деңгейде детерминделген (анықталған) болуы мүмкін. Егер үкімет немесе қандай да бір қорлар фундаменталды немесе қолданбалы зерттеулерді қаржыландармаса, онда «кездейсоқ» техникалық немесе технологиялық жарып-өтпелер (прорыв) болмайды.

Кездейсоқ оқиғалар бәсекелесуші фирмалардың позициясын өзгертуі мүмкін.

Үкіметтің ролі. Бұл контексте үкімет ретінде биліктің заңнамалық, сонымен қатар атқарушылық деңгейлерін қабылдаймыз. Үкіметтің бәсекелік артықшылықтарды қалыптастырудағы маңызды ролі болып барлық детерминанттарға әсер етуі табылады. Үкімет барлық детерминанттарға әсер етуі мүмкін, сонымен қатар детерминанттар үкіметке әсер етуі мүмкін (позитивті, негативті). Факторлар параметрлеріне, сонымен қатар сұраныс параметрлеріне үкіметтің ақша-несие, салықтық, бюджеттік, әлеуметтік саясаттары әсер етеді.

Осы және басқа да детерминанттар заң шығарушы немесе атқарушы биліктің шешіміне экономикалық агенттердің қызығушылығын лоббирлеу немесе қоғамдық ұйымдардың қызметі арқылы әсер етеді.

«Ұлттық ромбтың» (М.Портер терминологиясы бойынша) детерминанттарының өзара бір-біріне әсері жекелеген фирмалардың, сонымен қатар тұтас ұлттық экономиканың бәсекелік артықшылығын қалыптастырып, оны өсіруге жағдай жасайды /2/.

Белгілі бір бәсекелік артықшылықтың болу-болмауын, оның тұтас ұлттық экономикаға немесе жекелеген салалар мен экономикалық агенттерге маңызын (жоғары немесе төмен деңгейдегі) бәсекеге қабілеттіліктің алғышарттары ретінде қарастыруға болады. Егер қандай

да бір бәсекелік артықшылық детерминанты қажет деңгейге сәйкес болмаса, ішкі нарықта, әсіресе сыртқы нарықта жекелеген фирмалар да, жалпы экономика да бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейіне жете алмайды.

Бәсекелік артықшылықтың аймақтық детерминанттары. Ел территориясы үлкен болғанда жеке экономикалық бірліктердің бәсекелік артықшылықтарының аймақтық факторлары жоғары маңызға ие болады.

Бірінші топқа қоғамдық еңбек бөлінісінде аймақтың ойнайтын геосаяси ролінің тарихи шарттастырылу факторлары жатқызылады. Қазақстанның «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі тарихи транспорттық маңызын ескере отырып, қолға алынған инвестициялық мегажоба мысал бола алады. Қазақстан Еуропа мен шығыс елдері саудагерлерін ерте заманнан жалғаушы буын ретінде қызмет атқарған. Әсіресе орта ғасырларда қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда қатынасы болған (Исфиджаб, Отырар, Құлан, Мерке Аспара).

Бүгінгі таңда да бұл аймақтар жалғаушы буын ретінде күшін жойған жоқ, керісінше стратегиялық маңызы арта түсті. Сондықтан осы облыстардағы салалар мен кәсіпорындардың бәсекелік артықшылықтарына қол жеткізіп, сақтап қалудың аймақтық стратегиялық бағыты – түрлі транспорттық байланысқа (коммуникацияға) қызмет көрсетуге икемделу, бағдарлану болып табылады. Сондықтан осы стратегиялық мақсатқа сәйкес қызмет ететін кәсіпорындар мен фирмалар бәсекелік күресте республиканың басқа аймақтарының субъектілерін, орталық Азияның бірқатар елдерін озып, жеңуі мүмкін.

Алайда «тарихи бұйыру» деп әр аймақ немесе субъект автаркияға ұмтылмауы керек, сонымен қатар тек қана глобалды стратегиялық мақсатқа жетуге жұмыс жасайтын салаларды ғана дамыту керек деген ұғым қалыптаспауы керек. Аймақтың геосаяси маңызы экономикалық дамудың стратегиясын мақсатты етуі тиіс.

Факторлардың екінші тобы аймақтың иелігіндегі ресурстардың территориялық орналасуы мен сипатымен байланысты. Бәсекелік артықшылықты қамтамасыз етуге қажет ресурстардың болуы немесе болмауы аймақ территориясында орналасқан кәсіпорындардың шығынына әсер етеді. Бұл шығындар басқа аймақтардың кәсіпорындарымен салыстырғанда бір нарықта бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізбейтіндей жоғары болуы мүмкін. Ресурстардың болу-болмауы сонымен қатар аймақтағы кәсіпорындардың экономикалық қауіпсіздігіне де әсер етеді.


Стратегиялық ресурстар зонасы орналасқан территориядағы аймақта форс-мажорлы жағдайдың пайда болуы кәсіпорындар үшін аймақтық экономикалық қауіпсіздігі жоғалуы мүмкін. Сондықтан ел территориясында немесе одан тыс орналасқан стратегиялық ресурстардың резервтік зонасының «жүйесі» болуы қажет. Бұндай жүйе өзара пайдаоы келісімшарттарға отыру негізінде қалыптасады.

Факторлардың үшінші тобы — фирма негізделетін (орналасатын) аймақтың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының даму деңгейін сипаттайтын факторлар.

Инфрақұрылым дамыған аймақтарда фирманың бәсекелік артықшылығының жоғары деңгейіне қол жеткізу оңайырақ және арзанырақ. Ал өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның базалық негізгі элементтері жоқ немесе құрылымының элементтері экономикалық агенттің миссиялық сипатына сәйкес емес аймақтарда бәсекелік артықшылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу әлдеқайда қиынырақ. Мысалы, халықаралық нарықта кәсіпорындары шекарадан 100 км қашықтықта (шамамен) орналасқан фирмалар бәсекелік күресте жеңіске жетеді. Мұндай жағдай бұл фирмаларға дайын өнімді тасымалдауға, шикізатты және құрама бұйымдарды жеткізуге кететін шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Экономикалық бірлік негізделетін аймақта жалпы артта қалушылық жағдайында «жеке» әлеуметтік инфрақұрылымның элементтерінің жоғары деңгейін қамтамасыз етіп отыру қажеттілігі экономикалық агенттердің шығындарын елеулі түрде көбейтеді. Бұл жағдайды есепек алмау теріс әлеуметтік салдарларға әкелуі мүмкін: жұмыс күшінің ағылуы, фирма персоналы мен басшылығы арасындағы келіспеушілік, компенсациялық төлемдер, т.б.

Факторлардың төртінші тобы – аймақтық билік құрылымдарының экономикалық қызметті реттеу қағидаларын (принциптерін) сипаттайтын факторлар. Бәсекелік реттеу жағдайында реттеу принципі индикативті (көрсеткішті) жоспарлау жүйесі болуы мүмкін. Көрсетілген аймақтық сипаттағы факторлар жекелеген экономикалық агенттердің бәсекелік артықшылығын қалыптастырып, оны ұстап отыруға қажет жағдайды анықтайды. Сонымен қатар уақытта аймақта негізделетін барлық салалардың бәсекеге қабілеттілігі үшін қажет жағдайларды қалыптастыратын детерминант қарастырылуы керек (2-сурет).



2-сурет. Аймақта орналасқан салалардың бәсекеге қабілеттілігіне қажет жағдайды қалыптастырушы детерминанттар

Территориядағы аймақтық детерминанттардың жиынтығы экономикалық агенттердің бәсекеге қабілеттілігіне елеулі әсер ететін кәсіпкерлік климатты қалыптастырады. Кәсіпкерлік климат елдегі бәсекелік артықшылықтың жоғары деңгейін қалыптастыруға қажет қолайлы (немесе тиімсіз) жағдайды жасайды /3/.

Агент биліктік құрылымдардың аймақтық саясаттарына белсенді әсер ете алмағандықтан оның негізгі қызметі аймақта бар түрлі ресурстарды қолданудың рационалды әдістерін іздеуге бағытталуы тиіс. Бәсекелік артықшылықтардың деңгейін көтерудің экономикалық бірліктердің орналасу аймағының өндіріс факторлар нарығымен байланысты болуы міндетті емес. Мұндай нарық ретінде елдің басқа аймағының немесе басқа елдің нарығы болуы мүмкін. Әрбір жеке жағдайда экономикалық бірліктің өз миссиясын сәтті орындауы үшін қажетті нарықтың артықшылықтарын толығымен талдау керек.

1. Портер М. Конкуренция.: пер. с англ. - М.: Издательский дом «Вильямс», 2000.
2. Градов А.П. Национальная экономика. 2-е изд. Учебное пособие». - СПб.: Питер, 2005. - 240с.
3. Национальная экономика: уч./под ред. П.В Савченко – М. «Экономист», 2005. – 813 стр.

В статье рассматриваются предпосылки конкурентоспособности национальной экономики и принципы оценки развития конкурентоспособности. Автором делается попытка определить общую систему детерминантов конкурентных преимуществ с учетом социально-экономической концепции развития национальной экономики. Также определены детерминанты, создающие необходимые условия для конкурентоспособности отраслей в регионе.

In the article preconditions of competitive national economy and principles of estimating competitiveness development are considered. The author attempt to define the general system of determinants of competitive advantages taking into account the social and economic concept of development of national economy. Also the determinants creating necessary conditions for competitiveness of branches in region are defined.